

ДӘЙКЕСӨЗ

Шолпан ОМАРБЕКОВА,
«ҚТЖ «ҰК» АҚ ЭКОНОМИКА
ЖӨНІНДЕГІ БАСҚАРУШЫ
ДИРЕКТОРЫ:

«Ұлттық компания өз жұмысының тиімділігін арттыру үшін қызмет тұтынушылармен қарым-қатынаста ашық саясат жүргізуде»

АҚПАРАТ

ЖҮК ЖӨНЕЛТУШІЛЕРГЕ ЖЕҢІЛДІК

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы елімізде төтенше жағдай жарияланған кезеңде жүк тасымалына байланысты Қазақстанның жүк жөнелтушілерін бірқатар төлемдер мен алымдардан және айыппұлдардан босатып отыр.

Атап айтқанда, формажорлық жағдаймен байланысты: жүктерді тасымалдау жоспары бойынша тапсырысты орындамағаны үшін айыппұл; жүктерді сақтағаны үшін 10 еселік алым; вагондар мен инвентарлық (ортақ) парк контейнерлерін пайдаланғаны үшін төлем; маневрлік локомотивтің жүру қашықтығы үшін алым есептелмейді.

Жалпы алғанда, жүк жөнелтушілер 500 млн теңгеден астам сомаға алымдардан, төлемдерден және айыппұлдан босатылады.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап «Казтеміртранс» АҚ төтенше жағдайлар кезінде өз клиенттерін қолдау мақсатында тиеу және түсіру кезінде меншікті пайдалану парк вагондарынан кіреберіс жолдарда тоқтап тұрғаны үшін алым алмауға шешім қабылдап отыр.

Бүгінгідей елімізде төтенше жағдай жарияланып, өндіріс орындары тоқтап, жан-жақпен байланыс үзіліп отырған қиын да күрделі шақта бұл – шағын және орта бизнес иелері, жергілікті жүк жөнелтушілер үшін үлкен жеңілдік екені сөзсіз.

Ислам ТАЛҒАТ

БҮГІНГІ САҢ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛЫ
"ҚТЖ" ҰК" АҚ

70,1 км

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДІ
ШАРУАШЫЛЫҚ ТӘСІЛМЕН
ЖҮРГІЗЕДІ

СЛУШАНИЯ

В СТРЕМЛЕНИИ К МАКСИМАЛЬНОЙ ПРОЗРАЧНОСТИ

В АО «НК «ҚТЖ» в соответствии с законодательством о естественных монополиях состоялись публичные слушания по итогам деятельности предоставления услуг в сфере естественных монополий за 2019 год и по основным задачам в данном направлении на текущий год.

Асель ШАЙХЫНОВА

В слушаниях приняли участие потребители услуг, представители государственных органов.

Председатель слушаний – заместитель председателя правления по финансам АО «НК «ҚТЖ» Даир Кушеров – в приветственном слове отметил, что в связи с продлением действия чрезвычайного положения на территории Республики Казахстан, мероприятие проводится в режиме «онлайн».

В своем выступлении управляющий директор по экономике АО «НК «ҚТЖ» Шолпан Омарбекова подчеркнула, что компания проводит открытую политику в отношении с потребителями услуг для повышения эффективности своей деятельности.

Также она отразила общую информацию о компании, показателях работы в сфере оказания услуг магистральной железнодорожной сети (МЖС), выполнении объемов и качестве предоставленных услуг, реализации инвестиционных программ, достижения основных финансово-экономических показателей и перспективах

деятельности. Кроме того, рассказала о постатейном исполнении тарифной сметы и о проводимой работе с потребителями услуг.

– Грузооборот в регулируемых видах услуг МЖС (экспорт, импорт, внутреннее сообщение) составил 191302 миллиона тонно-километров, пробег пассажирских вагонов – 753914 тысячи вагоно-километров. Доходы от оказания услуг МЖС в грузовом движении по регулируемым видам услуг и пассажирском движении составили 243,4 миллиарда тенге. Компания за отчетный период предоставила временные понижающие коэффициенты на сумму 11,06 миллиарда тенге, – отметила она.

Общий объем инвестиций в 2019 году по регулируемым видам услуг МЖС составляет 62 миллиарда тенге.

В рамках утвержденной инвестиционной программы запланирована дальнейшая реализация проектов по модернизации верхнего строения пути и обновление объектов для функционирования магистральной железнодорожной сети.



С отчетом по оказанию услуг подвездных путей, передаче электрической энергии выступил заместитель директора по экономике и финансам филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети»

Александр Кирович. Подробный отчет с обоснованиями размещен на сайте www.railways.kz в разделе «Инфраструктура». Фото Александра ЖАБЧУКА

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДА

МҰНАЙШЫЛАР ПОЙЫЗБЕН ТАСЫМАЛДАНУДА

Атыраудағы теңіз-көн орнында вахталық әдіспен жұмыс істеп жатқан мұнайшылар үйлеріне пойызбен қайтарылып жатыр. Мұнай компаниясы басшылығы жұмысшыларының қауіпсіз тасымалын ұйымдастыру үшін "Жолаушылар тасымалы" АҚ-мен арнайы келісім жасаған.



Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

Вахтадағы жұмысшылардың алғашқы легін бірінші болып Ақтөбе қабылдады. Өңірде екі

мыңға жуық адам мұнайлы қалада вахталық әдіспен жұмыс істейді екен. 22 сәуір күні арнайы күзет пен санитар мамандар 16 вагоннан құралған алғашқы пойызбен 432 мұнайшы-жұмысшыны

алып келді. Бұл төтенше жағдай жарияланғалы өңірге келген алғашқы жолаушылар пойызы. Оларды қорғаныш киімдерін киген отыздан аса теміржолшылар күтіп алып, қызмет көрсетті.

"Пойыз тоқтағанда сақтық шаралары күшейтіліп, әр вагонның алдында бірнеше полиция қызметкері тұрды. Вокзалға ешкім кіргізілген жоқ. Жолаушыларды карантиндік госпитальге алып кететін автобус перронға тіке өткізіліп, олар пойыздан түскен бетте автобустарға отыратын-дай жағдай жасалды. Пойызға қызмет көрсеткен теміржол көлігі қызметкерлерінің бастан-аяқ қорғаныш құралдарымен толық жабдықталуын назарда ұстадық.

Вокзал қызметкерлеріне де сақтық шаралары күшейтілді", – дейді Ақтөбе теміржол вокзалының бастығы Тойбазар Қуанышев.

Мұнай компаниясы арнайы автобустармен жеткізген жұмысшыларды пойызға отырғызу да қатаң тәртіппен жүзеге асқан. Әр бөлімшеден шыққан мұнайшыларды бір-бірімен қоспай, бөлек-бөлек вагондарға, бір купеге тек екі адамнан ғана орналастырған.

Пойыз жолшыбай еш жерге тоқтамайды. Атыраудағы мұнай компаниясы аумағынан шыққаннан тек Ақтөбеге жетіп бір-ақ тоқтады. Мұнай компаниясы мен "Жолаушылар тасымалы" АҚ қызметі арасындағы келісім осылай болған.

Ал арнайы шыққан пойызбен вахталық жұмысшыларды тасыған жиырмаға жуық жолсерік пен пойыз бастығы, машинистер де облыстық бас санитар дәрігерінің шешімімен коронавирусы инфекциясына тексерілген соң пойыз келесі рейс жасау үшін Атырау облысына кері жөнелтілген. Жұмысшылардың келесі легін күтіп алу 24 сәуір күні сағат 18:30-ға жоспарланып отыр. Жалпы, қалған 1500-ге жуық ақтөбелік мұнайшылар 1 мамырға дейін кезең-кезеңімен үйлеріне жеткізілетін болады деп жоспарлануда.

Суретті түсірген автор

НОВОСТИ

НАВСТРЕЧУ КЛИЕНТАМ

За первый квартал текущего года объем грузовых перевозок железнодорожным транспортом увеличился на 2,1%. Для привлечения новых грузоотопок, а значит и роста перевозок, АО «НК «ҚТЖ» на постоянной основе проводит работу по организации контейнерных поездов, предоставлению качественного сервиса, конкурентоспособных тарифных условий.

Так, железнодорожным транспортом за январь-март перевезено 96,9 миллиона тонн грузов, что на 2,1% больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Общий объем транзитных перевозок за январь-март составил 4,8 миллиона тонн, что на миллион тонн, или на 26% выше показателя 2019 года. В направлении Китай – Европа – Китай объем перевозок контейнеров вырос на 11% и составил 76,3 тысячи. Все это результат принимаемых индивидуальных решений, исходящих из нужд клиентов.

К слову, за март 2020 года перевезено 34,3 миллиона тонн грузов, рост при этом достиг 4,9%. Объем же транзитных перевозок составил 2 миллиона тонн, что на 67% выше показателя марта 2019 года. Контейнерные перевозки увеличились на 17 тысяч ДФЭ. В направлении Китай – Европа – Китай объем перевозок контейнерами составил на 38%.

Руслан РАХМЕТОВ

ГРУЗ ИЗ ТУРЦИИ В ПУТИ

В казахстанские порты Курык и Актау в составе поезда, двигающегося по железной дороге Баку – Тбилиси – Карс, прибывает более 30 контейнеров.

Так, состоящий из 82 контейнеров и перевозящий экспортную продукцию Турции поезд длиной 940 метров, оператором которого является ADY Konteyner, достиг Баку. Груз предназначен для Казахстана, Азербайджана, Туркменистана и Узбекистана.

Пункт назначения 20 контейнеров в блок-поезде – Азербайджан. 30 контейнеров через Алятский порт будет доставлен в порт Туркменбаши, 24 – порт Актау, 8 – порт Курык.

Этот поезд является самым длинным среди тех, что передвигались по маршруту Баку – Тбилиси – Карс. Ожидается, что он доставит грузы из Турции за срок около 10 дней.

Напомним, маршрут Баку – Тбилиси – Карс открыт 30 октября 2017 года. Он соединяет железнодорожные сети Азии и Европы. Это самый короткий путь не только между тремя странами, но и между Азией и Европой, позволяет вдвое сократить время на транспортировку грузов. Железная дорога упрощает доступ стран Центральной Азии – Туркменистана, Казахстана, Узбекистана, Кыргызстана, Таджикистана и Афганистана – к европейским и мировым рынкам.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

ЛОГИСТИКА

«ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ» ЖОБАСЫ: ІШКІ ТАСЫМАЛҒА СЕРПІН БЕРДІ

Еліміз бойынша енгізілген карантиндік жағдайда теміржол саласы жүк тасымалында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың күшейтілген шектеулер кезеңінде әлеуметтік маңызы бар тауарлар тасымалына арналған «Жасыл дәліз» жобасын кеңейту туралы тапсырмасы өзгеше серпін беруде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей

Мысалы, соның нәтижесінде Семей ЖТ бөлімшесіндегі логистикалық мәселелер оң шешімін тауып жатыр. Яғни, ел шығысын азық-түлік өнімдерімен және жанар-жағармаймен қамту бойынша автокөлік пен теміржолдағы жүк тасымалында іркіліс жоқ.

Қазіргі күні бөлімше бойынша жолаушылар пойыздары толық тоқтатылғанымен жүк пойыздары үшін шектеу жоқ.

Әрине, Семей ЖТ бөлімшесінде құрастырылып, алыс-жақын шетелге жөнелтілетін жүк көлемі жылдағы осы мерзіммен салыстырғанда анағұрлым төмендеген. Оған жаһанды жайлаған індет салдарынан бірінші кезекте экспорттық-

импорттық операциялардың азаюы себеп болып отырғаны да белгілі. Мәселен, шетелге астық өнімдерін шығаруға шектеу қойылғалы бері қаладағы зауыттардан Орта Азия елдеріне үн тиіп жөнелту көлемі де шектелді. Сонымен қатар, Қытай елімен арадағы орнаған уақытша шектеулерге байланысты да жүк көлемі азайған.

Жалғасы 2 бетте



ЖАҢАЛЫҚТАР

КОНТЕЙНЕРЛІК ПОЙЫЗДАР ТАСЫМАЛДАНУДА

«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы «KTZ Express» компаниясы Өзбек темір жолымен әріптестігін нығайтып, қазіргі қиын сәтте де жұмыстарын жалғастыруда. Ал әріптестік әрекет нәтижелі болып отыр.

Екі ел жүк тасымалдаушыларының әріптестік іс-қимылы нәтижесінде Өзбекстанда шамамен 90% күміс және 20% алтын өндіретін Алмалық МХК - тау-кен металлургиялық кәсіпорны мыс және мырыш тиелген контейнерлік пойыздарды тасымалдау жүзеге асырылуда. Бұл кәсіпорын Орталық Азиядағы ең ірі мыс өндіруші болып табылады.

Шикізат Өзбек елінің Сергелі станциясынан тұрақты түрде жөнелтіледі. Одан әрі қазақстандық шекара маңындағы Сарыағаш және Оазис станциялары арқылы Транскаспий бағыты бойынша жүк Ақтау портына жетіп, теңіз жолымен түрістік Стамбул, Анкара және Мерсин қалаларына жеткізіледі.

Ай сайынғы тасымалдау көлемі орташа есеппен 400-ден астам жиырмафуттық контейнерлерді құрап отыр. «Біз клиенттерге кешенді логистикалық қызмет көрсетеміз. Қазір төтенше жағдай кезінде автомобиль көлігінен темір жол көлігіне жүк тасымалдау көлемін ауыстыру экономикалық жағынан тиімді, жоспарлау сапасын жақсартып, шикізатты үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етеді», – дейді «KTZ Express» АҚ басшысы Дмитрий Абдуллаев.

Сұлғұл БАКЕСОВА

ЭКСПОРТ АРТАДЫ

Қазақстандық рельсе құрылыс сұраныс жоғары болып тұр. «Ақтөбе рельс арқалық зауыты» ЖШС алдағы уақытта экспортты еселемек.

Негізгі жолдың дәнекерленген бөліктерінің ұзақтығын арттыратын өнімдер шетелдіктердің қызығушылығы мен сұранысын арттыруда. Халықаралық стандарттарға сай зауыт өнімі қазірдің өзінде Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Грузия, Түркіменстан, Ресей Федерациясы, Эстония және Иран елдеріне экспортталады. Компания енді өз өнімін Украинаға да жөнелтеді. Еуразиялық экономикалық одақ аумағында Р-65 стандартына сәйкес, ыстыққа бейімделген 120 метрлік рельстер шығаратын кәсіпорын украиндықтардың де сенімінен шыққан.

«Ақтөбе рельс-арқалық зауыты» ЖШС ДСТУ 4344:2004 бойынша шығарылған 1 санатты Р65 типті рельс өндірісін игерді. Осы жұмыстардың нәтижесінде биыл наурыз айында сәйкестік сертификаты алынды. Оның болуы Украина аумағында рельстік өнімді сағуға қажетті шарт болып табылады. Бұл өз кезегінде кәсіпорынның ғана емес, Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін арттыруға ықпал етеді», – деп хабарлайды компанияның ресми сайты.

Ішкі нарықта да зауыт өнімі жоғары сұранысқа ие. Зауыт өнімінің Қазақстандағы ең ірі тұтынушысы болып табылатын «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жоғары жылдамдықты магистральдарда қолданылатын кең жолақты жолдарды салуға лайықталған рельсті темір-жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарына пайдаланады.

Ардақ ЕРУБАЕВА, Ақтөбе

ӘРІПТЕСТЕР КӨМЕГІ



Елдегі төтенше жағдайға байланысты азық-түлік пен аса қажетті тауарлар алудан көмек қажет ететін отбасылар қатары артқаны белгілі. Осыған орай Астана ірілендірілген жол дистанциясы ұжымы мекеменің кәсіподақ ұйымымен бірге теміржолшы әріптестеріне көмек көрсетіп, қайырымдылық шара өткізді.

«ҚТЖ -2020 игі іс», «Біз біргеміз!» акциялары аясында 14-15 сәуірде жолшылар өз қызметкерлері арасынан көп балалы, аз қамтылған, мүгедек баласы бар отбасыларға және карантин аумағында пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған жол монтерлеріне азық-түлік себетін жеткізіп берді. Бұл себеттер ең алдымен №39, 96 бекеттер мен Нұр-Сұлтан және Қырықшы станцияларының жол монтерлеріне таратылды. Дистанцияның кәсіподақ комитетінің төрағасы Асылхан Тоқтыбаевтың айтуынша, бірінші кезекте қажет өнімдерден барлығы 130 азық-түлік жиынтығы дайындалып, үлестірілген.

Қазір ел басына күн туған шақта әрбір адам, әр ұжым ауызбірлікте өмір сүріп, қамқорлық пен жанашырлықтың аса маңызды екенін жете түсіне бастады. Біз де осындай сынақ кезінде кейбір әріптестерімізге қолдау көрсетуді жөн деп таптық. Осы қайырымдылық акциясын өткізуге қолдау білдірген дистанция кәсіподақ ұйымы мен «Қазпрофтранс» ҚБ «Астана» торабы филиалының басшысы Серік Сәрсекеевке алғыс білдіргіміз келеді. Олар жолшылар бастамасына бірден қолдау білдірді. Сонымен қатар осы акцияның барлық ұйымдастыру жұмыстарына атсалысқан ұжымның кадрлар бөліміне, басқа да қызметкерлерге рахмет айтамын, – дейді дистанцияның директоры Қайрат Иланов.

Мұндай көмек сонымен қатар №2,3 жол колонналары мен №4,5,6 өндірістік телімдер және «Нұрлы жол» телімі, көліктік, диагностикалық, жасанды имараттар блоктары мен ақауапқыш цехының жұмысшыларына да берілген. Дистанциядағы қайырымдылық акциясынан Бұрабай, Ерейментау бағытындағы телімдері мен колонналардың жолшылары да құр қалмай, олар да азық-түлік пакеттерімен қамтамасыз етіліпті. Бұрабай бағытында №1,2,3 өндірістік телімдер мен №1 колонна, Ерейментау бағытында №6,7 өндірістік телім мен №3 колонна жұмысшыларына барлығы 75 азық-түлік пакеті таратылған. Бұл жол шаруашылығы мамандары – Макинқа, Жасыл, Елтай, Ақкөл, Шортанды, Төңкеріс, Ерейментау, Сарыоба, Еркіншілік, Ғдіге станцияларында еңбек етіп жатқан теміржолшылар.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Суретті түсірген автор

ЛОГИСТИКА

«ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ» ЖОБАСЫ: ІШКІ ТАСЫМАЛҒА СЕРПІН БЕРДІ

(Соңы. Басы 1 бетте.)

«Соған қарамастан бүгінгі таңда бөлімше бойынша негізінен транзиттік пойыздар көптеп өтуде. Көршілес Ресейдің Сібір бөлігінде құрастырылып, Иран, Пәкістанға жөнелтетін пойыздар саны тәулігіне ең кемі 4-5 жылжымалы құрам болады. Ол транзиттік жүк пойыздарын қабылдап-жөнелтуде станциялар басында бұрынғыдай қарбалас та жоқ», – дейді бұл ретте бөлімшенің логистика саласының мамандары.

Дегенмен, теміржолшылардың тілімен айтқанда «үй жұмысы» басты орынға шықты. Атап айтсақ, қазіргі таңда бөлімшеге қарасты Жаңа-Семей станциясында тәулігіне ең аз дегенде 6-7 жүк пойызы құрастырылып жолға шығарылуда. Қаладағы кейбір кәсіпкерлерге төтенше жағдай барысында да жұмыс істеуге рұқсат берілген болатын. Осылайша, ішкі тасымал бойынша қозғалыс барысы үзіліссіз жүргізілуде. Негізінен тиелетін тауар түрі – ұн. Бірінші кезекте тұтынылатын тауарлар қатарындағы өнімнің бұл түріне соңғы айларда ел бойынша сұраныс құрт артқан.

«Жасыл дәліз» жобасы сәуірдің 18-і күні орын алған облыс көлемі бойынша енгізілген карантиндік шектеулерге байланысты кеңейтілді. Соның аясында бөлімше бойынша түсіріліп жатқан жүк түрінің басым бөлігін азық-түлік өнімдері құрайды. Әсіресе, сүт, жәрме өнімдері нөл көлемде түсірілуде.

ҚАУІПСІЗДІК

«КӨК ҚУАЛАП» ЖАЙЫЛҒАН МАЛ КӨБЕЙДІ...

Ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанында Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау шаралары қатаң сақталып, қозғалысқа кедергі келтіретін апат, тосын оқиға секілді жағдайлар тіркелмегенмен, өкінішке орай, жолға мал мен жанның шығуы сиремеген.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Бұл жағдайда бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы Бақытбек Сәрсенов мәлімдеп, қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыру шараларына хабар берді. Маманның пікірінше қазіргі төтенше жағдай кезінде әрбір теміржолшы өз міндеттерін, тіпті бірқатары қашықтан жұмыс істеу тәсіліне көше де жоғары жауапкер-

шілікпен атқаруда. Магистральдық желі бойымен жүйткіген пойыздар саны төтенше жағдайға байланысты сирегенмен жүк пойыздарының қозғалысы сақталуда. Ал көктемнің келуімен далада «көк қуып» иесіз жайылған мал көбейіп, қозғалысқа қауіп төндіріп жатқаны да шындық.

– Жылдың алғашқы тоқсанындағы жағдайға тоқтала кетсек, бөлімше телімдерінде тепловоз машинистері 15 рет шұғыл тежегіш қолданған, оның

ішінде 4 жағдайда мал басу оқиғасы, 7 жағдайда жолға қараусыз малдың шығуы және 4 жағдайында адамдардың белгіленбеген жерден жолды кесіп өтуінен орын алған. Өкінішке орай 3 адам басу оқиғасы тіркелді. Олар қаңтар айының 8-ші, 21-ші, 23-ші жұлдыздарында Қызылорда-Қараөзек, Қызылорда-Белкөл аралықтарында абайсызда пойыздың астына түсіп қайғылы жағдайға душар болды. Олардың екеуі оқиға орнында қайтыс болып, біреуі екі аяғынан айырылып, мүгедек болып қалды. Міне, осы деректерді алға тарта отырып, темір жолды рұқсат етілген жерлерден ғана және өте сақтықпен өту керектігін ескертуден кенде емеспіз, – дейді қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы.

Десе де, жүргізіліп жатқан іс-шараларға қарамастан темір жол төңірегінде мал бағу ережелерінің сақталмауы салдарынан қараусыз малдардың жолға шығуы, автокөлік

иелерінің теміржол өтпесінен өту ережесін сақтамауы сынды келеңсіздіктер тыйылмай отырағын қыңжылтатынын айтады маман. Жергілікті тұрғындарға малын қараусыз қалдырмауын түсіндіріп бөлімше теміржолшылары карантин кезінде де жұмыс жүргізіп, жергілікті атқарушы билік орындарына хат жолдауда.

– Бірақ одан өтпеше көре алмай отырмыз. Көктемнің келуімен тұрғындар қыс бойы қорада тұрған малын көкке жайылысын деп шығарып жіберу көбеюде. Азаматтарға темір жолдан өту мен жол бойында мал бағу ережелерін қатаң сақтамаған жағдайда кінәлілер ҚР Әкімгершілік Кодексінің 559-тармағының 1-тармақшасы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылатынын және келтірілген шығындарды өтейтіндерін тағы ескертеміз, – дейді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің қауіпсіздік бөлімінің бас маманы Бақытбек Сәрсенов.

КҮЗЕТ

ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ КҮШЕЙТЕ ТҮСКЕН

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ-ның Тараз қаласындағы филиалы карантин режиміне қарамастан, медициналық-гигиеналық сақтық шараларын барынша арттырып, толық құрамда жұмыс істеп жатыр. Керісінше төтенше жағдайға орай қырағылықты күшейте түскен.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл облысы

Темір жолдың бойындағы қауіпсіздікті, көлік объектілерінің сақталуы, сонымен қатар бөгде адамдардың теміржол инфрақұрылымындағы тыйым салынған жерлерде жүрмеуін, жылжымалы жүк құрамында ұрылқы-қарлық орын алмауын қадағалау сынды жұмыстар бұрынғыдан да қырағы жүргізіліп жатыр.

Филиал директоры Бауыржан Төлепбергеновтың айтуынша, темір жол көлігі тасымалындағы жүктің ұрлануын болдырмау және темір жол объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жедел-алдын алу жұмыстары Шу, Луговой, Тараз станцияларындағы көліктегі желілік ішкі істер бөлімдерімен тығыз байланыста жүргізіледі.

– Биылғы үш айда біздің Тараз филиалы күзетшілерінің сауатты және жедел-алдын алу жұмыстарының нәтижесінде темір жол көлігінің жылжымалы құрамы мен инфрақұрылым объектілерінен жүк ұрлау әрекеттерінің 20 жағдайы анықталып, 29 құқық бұзушы ұсталды. Олар заттай дәлелдемелерімен желілік полиция бөлімшесіне тапсырылды, – дейді Бауыржан Әментайұлы.

Мәселен, олар былтырғы қазан айында Малдыбай – Ақыртөбе асуында №2909 жүк құрамының №94180080 вагонынан мотор майын ұрлағандардың үстінен түскен. 1990



және 1992 жылы туған азаматтар Қылмыстық Кодекстің 188-бабының 2-бөлімінде қарастырылған шаралар негізінде жауапкершілікке тартылып, сотталған.

– Желтоқсан айының орта шенінде Тараз станциясындағы транзит паркінде Шу қаласынан Түркістан қаласына жетіп алу үшін №2903 жүк құрамындағы №63601918 жартылай вагонына заңсыз мінген азаматтарды ұстадық. Өздері Түркістан облысының тумаалары. 1966 жылы және 1992 жылы туған бұл азаматтардан тексеру барысында аса ірі көлемде есірткі табылды. Олар Қылмыстық Кодекстің

296-бабының 4-бөлімі бойынша қасамаға алынды, – дейді филиал басшысы.

Биылғы қаңтар айында Әскерилендірілген күзет қызметі мен Луговой желілік полиция бөлімшесі бірігіп жүргізген жедел-алдын алу жұмыстары да нәтижесіз емес. Айталық, Қорағаты - Тәтті асуында темір жолдың бекіткіштерін ұрлап бара жатқан Тараз қаласының тұрғыны қолға түскен. 1994 жылы туған азамат бұл қылмысы үшін қазіргі таңда жазасын тартып отыр.

Бауыржан Әментайұлы қазіргі төтенше жағдай кезінде күзет қызметкерлері үшін жұмысты

қашықтықтан атқару мүмкін емес дейді. Тек 6 қызметкер ғана онлайн жұмыс істеуге көшірілген.

– Күзетшілердің қауіпсіздігіне баса мән беріп отырмыз. Жақында ғана 900 дана қорғаныш маскасын алдырдық. Бұған дейін де 1500 беттерде таратылып берілген болатын. Медициналық қолғап 548 жұп жеткізілген болса, мұның алдында 3000 жұп берілген. Осындай шаралардың дер кезінде қолға алынғандығынан болар, ұжымда дертке шалдыққан немесе карантинге алынған ешкім жоқ, – дейді ол.

Сонымен қатар, Әскерилендірілген күзет қызметі филиалына қарасты қосындарда түгел санитарлық-дезинфекциялық режим күшейтіліп, қорғаныш құралдарымен уақытылы қамтамасыз етілуде екен. 30 литр алкотомальді залалсыздандырғыш пен 100 дана асамен тиісті орындарға таратылған. Луговой станциясындағы бөлімше қосымша 4 дана тетрациклинмен, «Albucid» көз тамшыларымен, қорғаныш костюмімен және кір сабындармен толықтырылыпты.

Филиал директоры ұжым қызметкерлеріне жұқпалы дерттің таралу жолдары, залалы, қорғану әрекеттері жайында арнайы дәрістер де ұйымдастырылып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар, «Әскерилендірілген темір жол күзетінің қызметкерлері атынан Жамбыл жұртшылығынан темір жолдан өту кезінде қырағы болуды, келе жатқан құрам алдынан жүгіріп өтпеуді сұраймын. Жұмыс істеп тұрған темір жол магистралының төңірегінде үлкендер сақ болып, балалардың ойнауына жол бермесек екен. Талап бойынша құрғақ ауа райында кем дегенде 8 метр, жауын-шашынды және тұманды күндері 28 метр қашықтықты сақтау қажет. Автокөліктер темір жол өткелдерінен өту кезінде ережелерді қатаң сақтағанда ғана қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, қайғылы жағдайдың алдын аламыз», – деп қорытты филиал жетекшісі.

Суретті түсірген автор

АКТУАЛЬНО

ПОМОГЛИ В УДАЛЕННОЙ РАБОТЕ

Круглосуточный формат работы в режиме чрезвычайного положения, устранение сбоев в работе вычислительной техники, ремонт, настройка, консультации и мониторинг – так сегодня представлена деятельность отдела первой линии поддержки Защита главного вычислительного центра.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Именно его специалисты обеспечивают дистанционный формат работы железнодорожников по Западному региону. Более шестидесяти пользователей они перевели на дистанционную работу по удаленному доступу через VPN-соединение, помогли правильно настроить оборудование и программное обеспечение. Это отделы, которые находятся в административных зданиях Семейского отделения магистральной сети, Семейского отделения грузовых перевозок по Западному региону, Оксменского эксплуатационного локомотивно-

го депо. Также на «удаленку» перешли путейцы, вагонники, Западная дистанция сигнализации и связи, дочерние организации.

– Для непрерывности технологических процессов и бесперебойной работы информационных технологий, связи, а также с целью предупреждения распространения коронавирусной инфекции мы помогли перейти на удаленный формат работы без ущерба для производственного процесса, обеспечив полноценную загрузку работникам железной дороги, – подтверждает начальник отдела первой линии поддержки (ОПЛП) Защита главного вычислительного центра Азамат Бекпаев. – Настроили работникам доступ к информационным ресурсам АО «НК «ҚТЖ». Это

электронная почта, программа электронного документооборота, VPN для выполнения ими своих трудовых и должностных обязанностей.

В круглосуточном режиме специалисты ОПЛП ведут работу по устранению сбоев в работе компьютеров и другой техники, проводят консультации абонентов автоматизированных систем по всем предприятиям и всем станциям региона в границах обслуживания. Ежедневно отслеживают, что сделали, какой объем работы выполнили. По словам Азамата Бекпаева, ОПЛП Защита проводит постоянный контроль на наличие уязвимостей в корпоративной сети.

Более того, отдел обслуживает 26 станций региона, которые работают в штатном режиме.

СОТРУДНИЧЕСТВО



ИЗ ЛЯНЬЮНЬГАНЯ СУХОМУ ПОРТУ

Порт Ляньюньган оказывает поддержку ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» в борьбе против коронавируса. Китайские коллеги предоставили сухому порту гуманитарную помощь на общую сумму 5 миллионов тенге.

Ирина БЕКТИЯРОВА,
Алтынкөл

Контейнер с защитными медицинскими масками в количестве 36000 штук стартовал 14 апреля из порта Ляньюньган по железной дороге и спустя шесть дней через погранпереход Алтынкөл – Хоргос прибыл на терминал сухого порта.

– В непростых условиях глобального распро-

странения коронавирусной инфекции COVID-19 мы по возможности поддерживаем коллег железнодорожного узла станции Алтынкөл, СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота», работников пограничной и таможенной служб, делясь с ними медицинскими масками. Соблюдение мер предосторожности обезопасит наших сотрудников, даст возможность недопущения проникновения вируса и заражения людей, – рассказал гене-

ральный директор ТОО «KTZE-Khorgos Gateway» Ибрагим Манабаев.

Как сообщили в компании, за 3 месяца текущего года на сухом порту перегружено с узкой на широкую колею 38909 ДФЭ. Здесь рассчитывают выполнить намеченные на этот год планы.

Как известно, Казахстан первым пришел на помощь КНР, оказав гуманитарную помощь. В том числе железнодорожники станции Алтынкөл в феврале помогли своим китайским коллегам, передав на стыковую станцию Хоргос КНР гуманитарный груз – защитные маски и другие необходимые для профилактической борьбы с коронавирусом средства. Тем самым они еще раз убедительно доказали, что дружеские отношения с коллегами важны не только в рабочем процессе.

БЕЗОПАСНОСТЬ

ЭКСТРЕННОЕ ТОРМОЖЕНИЕ – НОРМА?

За первый квартал текущего года в книгу замечаний от машинистов Алматинского эксплуатационного локомотивного депо поступило 793 рапорта против 960 аналогичного периода прошлого года. И хотя идет значительная тенденция уменьшения, радоваться пока преждевременно. Именно так считают руководители депо.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Локомотивными бригадами ТЧЭ-28 применено 187 экстренных торможений, в том числе 45 для предотвращения наезда на людей, против 52 случаев периода прошлого года, с наездом – 4 случая против 6 в прошлом году.

Уменьшились и нарушения в работе АЛСН на локомотивах, за 4 месяца допущено 292 случая сбоя против 357 аналогичного периода прошлого года. Более того, за первый квартал допущено 3 случая нарушения безопасности движения. Что касается эксплуатационной работы, то при плане 3378,649 миллиона тонно-километров брутто фактически – 3359,368.

Среднесуточный пробег локомотива при плане 576 километров фактически составил 628 километров, то есть на 109,2%.

Изложенное подтверждает, что в Алматинском эксплуатационном локомотивном депо работа направлена на обеспечение технического обслуживания локомотивов, их сохранности, текущего ремонта, работы локомотивных бригад, гарантию полной безопасности движения и точного выполнения графика движения поездов.

Несмотря на то, что пандемия внесла свои коррективы в работу железнодорожного транспорта, в локомотивном депо все показатели выполнены. Но как бы ни была надежна и эф-



фективна система профилактики предотвращения инфекции, всегда существует риск возникновения заболевания, поэтому здесь присуща необходимость оперативного реагирования. Все работники обеспечены индивидуальными средствами защиты.

– Безопасность движения – основной фактор на железнодорожном транспорте, нами разработаны мероприятия для улучшения качествен-

ного состава локомотивных бригад, усиление требовательности за выполнение должностных обязанностей, – говорит исполняющий обязанности начальника депо Серик Бердукулов.

Также осуществляется анализ состояния безопасности движения поездов, выявление «узких мест», разработка и осуществление мер по их устранению.

Фото автора

УСТУПИ ДОРОГУ ПОЕЗДУ

В Костанайской дистанции пути активизировали работу по соблюдению безопасности движения на железнодорожных путях и переездах.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

По словам начальника производственно-технического отдела Костанайской дистанции пути Куаныша Искабулова, только за первые месяцы нового года от машинистов локомотивных бригад поступило 12 замечаний, из которых 3 – о нарушениях правил выпаса скота. Машинисты вынуждены снизить скорость или применить экстренную остановку, предотвращая наезд на скот, вследствие чего создается

угроза безопасности движения поездов.

Для того чтобы предотвратить это, работниками дистанции пути на постоянной основе ведутся профилактические работы по ознакомлению населения с правилами выпаса скота вблизи железнодорожных путей. За истекший период 2020 года проведено 26 собраний на станциях, в сельских округах, количество присутствующих на них достигло 430 человек. Параллельно 1250 человек ознакомлены с правилами выпаса скота и прогона скота в путь.

Помимо скотовладельцев проблему в обеспече-

нии безопасности движения поездов доставляют и водители автотранспорта, которые, игнорируя требования правил дорожного движения, выезжают на переезд при запрещающем показании светофора.

Немалые проблемы железнодорожникам доставляют посторонние люди и дети, находящиеся в зоне повышенной опасности.

– Хотелось бы подчеркнуть, что работники железной дороги по специфике своей деятельности занимаются текущим содержанием устройств пути, поддерживают в исправном состоянии технические средства, обеспечивая безопасность движения поездов. Однако иногда вынуждены заниматься не своей основной работой – отгонять скот от путей на станциях и перегонных участках, – говорит Куаныш Искабулов. – Хотелось бы также отметить, что усилия железнодорожников, направленные на обеспечение безопасности движения поездов, недостаточны. Только сообща мы можем полностью решить подобные проблемы.

НОВОСТИ

КОГДА СЧЕТ НА СЕКУНДЫ

Ежегодно на станции Жанаарка Карагандинской области совместно с представителями правоохранительных органов и местных исполнительных органов проводятся совещания, «круглые столы» по повышению уровня безопасности людей на железной дороге. Ведь основными причинами происшествий остаются переход железнодорожных путей в неустановленном месте, несоблюдение правил личной безопасности.

На объекте повышенной опасности имеются настилы в двух местах, однако жанааркинцы иногда сокращают дорогу, проползая под вагонами, тем самым, подвергая опасности свою жизнь.

Так, в минувшее воскресенье во время маневровых работ произошел несчастный случай. Местный житель переходил станционные пути в неполюженном месте. Машинист применил экстренное торможение во избежание наезда. Однако из-за малого расстояния столкновения не удалось предотвратить. По словам родственников, мужчина направлялся в продуктовый магазин. Для того чтобы туда попасть, необходимо пройти через железнодорожные пути. Дело, связанное с ЧП передано в линейное отделение внутренних дел станции Караганда-Сортировочная.

В акимате района сообщили о том, что в настоящее время готовится проектно-сметная документация для строительства моста. Проект будет согласован с руководством компании АО «НК «ҚТЖ».

Начальник станции Жанаарка Нуржан Бошанов и представители акимата настоятельно рекомендуют местным жителям переходить железнодорожные пути только в установленных местах, где имеются настилы, перед переходом убедиться, что вблизи не движется состав, у железнодорожных переездов внимательно следить за световой и звуковой сигнализацией.

Светлана МОГАЙ, Караганда

В ЦИФРОВОМ ФОРМАТЕ

Мангистауском отделении грузовых перевозок начали вести технические занятия, связанные с движением поездов, на канале YouTube. За сравнительно короткий срок новый метод обучения приобрел большую популярность среди молодых железнодорожников.

По словам разработчика данного канала, первого заместителя директора филиала Ерлана Бурхутова, данный метод был создан не в развлекательных, а в производственных целях. Это связано в первую очередь с тем, что в период пандемии методы техобучения недоступны.

– Начинается новая эра в цифровом обучении, так как IT-возможности безграничны, а прежние методы уже себя постепенно изживают. Люди уже хотят учиться тогда, когда они этого желают и располагают для этого свободным временем. Поэтому за предлагаемым методом обучения большое будущее, – отметил он.

Технические занятия проводятся по порядку действий работников железной дороги при аварийных и нестандартных ситуациях. Материал он готовит на основе его одноименной книги «Практическое руководство». Издание было разработано «по принципу одного листа», когда каждая ситуация описывается кратко. Сегодня книга одобрена профильным ведомством.

– Это облегчает усвоение тематики, дает возможность подготовиться к сдаче испытаний на должность и к переездам, дистанционному обучению работников. Будет полезна как режисерам, так и руководителям предприятий для качественного техобучения персонала, – говорит Ерлан Бурхуттов.

Кроме того, здесь используются материалы по ранее допущенным крушениям и авариям поездов. Конкретные примеры позволяют наглядно показать потенциальную опасность описываемых ситуаций и представляемую угрозу в обеспечении безопасности движения поездов.

Шахиджа ЖУМАН, Мангистау

Мухамеджанов Канат Сакенович

21 апреля 2020 года на 74-ом году жизни скончался ветеран отрасли, Почетный железнодорожник Мухамеджанов Канат Сакенович.

Это был руководитель и профессионал, внесший огромный вклад в развитие отрасли.

Он родился 26 марта 1947 года на станции Матай.

После окончания школы работал в колонне по ремонту пути. Высшее образование получил в Ташкентском институте железнодорожного транспорта. В 1970 году, получив направление в Чимкентскую дистанцию сигнализации и связи, начал трудиться электромехаником на станции Толькубас, стал главным инженером дистанции. С 1977 года – главный инженер службы сигнализации и связи Целинной железной дороги, а позже – начальник службы сигнализации и связи Алматинской дороги. Руководил Семипалатинским отделением железной дороги. С 1994-го по 1997 год работал в должности заместителя министра транспорта РК и занимался вопросами развития транспортно-коммуникационного комплекса. Затем свою трудовую деятельность продолжил в национальной компании «Қазақстан темір жолы», возглавлял Главное техническое управление, департамент безопасности движения.

Профессиональная компетентность, принципиальность в сочетании с человеческими качествами, уважительным отношением к коллегам позволили ему заслужить большой авторитет среди железнодорожников.

Руководство и коллектив АО «НК «Қазақстан темір жолы» глубоко скорбят по поводу кончины Мухамеджанова Каната Сакеновича и выражают искренние соболезнования его родным и близким.

Светлая память об этом замечательном человеке навсегда сохранится в сердцах всех, кто его знал, высоко ценил и уважал.

«Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігінің Орталық Кеңесі Қазақстан темір жолының ардагері, Құрметті теміржолшы

Мухамеджанов Қанат Сәкенұлының қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының басшылығы, еңбек ұжымы және кәсіби одағы Құрметті теміржолшы

Мухамеджанов Қанат Сәкенұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Руководство и коллектив АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» выражают глубокие и искренние соболезнования родным и близким в связи с тяжелой утратой – кончиной Почетного железнодорожника

Мухамеджанова Каната Сакеновича. Канат Сакенович долгое время возглавлял департамент безопасности движения АО «НК «ҚТЖ», специальное управление, работал заместителем министра транспорта РК.

Светлая память о нем навсегда сохранится в наших сердцах.

ТҮРКСІБКЕ – 90 ЖЫЛ

БАЙ ТАРИХЫМЫЗ, ДАҢҚТЫ ДӘСТҮРІМІЗ БАР

Бүгінгі Семей жүк тасымалдау бөлімшесі – кешегі Түрксіб теміржолының заңды мұрагері. Ғасыр құрылысына қатысқан даңқты түрксібшілердің әулеттері ел шығысында қазіргі күні де еңбек етуде. Сондықтан биылғы жылы аталып өтетін ұлы құрылыстың 90 жылдығы семейлік теміржолшылар үшін орны ерекше. Осы орайда бөлімшедегі «Түрксіб-Семей» мұражайының директоры, тыл және еңбек ардагері теміржолшы Мақсұт Көшжанов ой-пікірімен бөлісті.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

– Мақсұт Көшжанұлы, әуелгі кезекте Түрксіб теміржолының ықшам тарихына, соңғы жылдарда айтылып жүрген соны деректерге тоқтала кетсеңіз.

– Бүгінгі тарихшылар арасында «шын мәнінде қазақ теміржолы Түрксібтен басталады» деген пікір бар. Ол негізсіз емес. Себебі, төл тарихымызда тек Түрксіб теміржолы құрылысынан бастап қана ұлтты қазақ мамандар қалыптасып шықты әрі ел өміріне де орасан зор ықпал етті. Тұрар Рысқұлов пен Мұхаметжан Тынышпаев сияқты көрнекті тұлғалардың айналасында теміржолшылардың зиялы қауымының алғашқы шоғыры қалыптасты.

Тоқтала кетсек, 1927 жылдың 15 шілдесі күні солтүстіктен - Семейден және осы жылдың 2-ші қарашасы күні оңтүстіктен - Луговой станциясынан бастап алғашқы рельстер төселе бастаған. Жұмыс күші ретінде 1929 жылы 40 мың, 1930 жылы 50 мың адам тартылған. Ресей мен Украинадан мамандар, инженерлер келді. Ал, қара жұмыстарға қыр қазақтары тартылғандықтан, ұлттық мамандар дайындау қоса жүргізілді. Түрксіб жайлы еңбектерге сүйенсек, осы жылдары 10 мыңнан астам қазақ теміржолда еңбек етіпті. Нәтижесінде құрылыс жоспардан бір жыл ерте аяқталды. Сөйтіп, 1930 жылдың 28-ші сәуірінде 9 сағат 04 минутта Айнабұлақ станциясында Түрксіб-Сібір теміржолының солтүстік пен оңтүстік тәлімдері түйісті.

Ал, Түрксіб қазаққа не берді десек, сауатсыздықпен күрес жүргізіліп, жаңа жұмыс орындарына тартылған, отырықшылыққа

көшкен қазақтардың көбі осы жолдың арқасында ашаршылық жылдары аман қалды. Сондай-ақ, республика астанасының Қызылордадан Алматыға көшуіне ықпал етті. Шар, Жаңғызтөбе, Жарма, Аягөз, Ақтоғай, Үштөбе, Лепсі, Матай, Сарыөзек, Шу, Отар сынды қалалар мен жұмысшы кенттері бой көтерді, тағысын тағылар...

– Түрксіб құрылысының зерттелуі жайында не айтасыз? Тарихта әділ бағасы берілді ме?

– Бай тарихымыз, даңқты дәстүріміз бар. Оны зерттеу, бағалау әлі де жалғасып жатыр. Қазақ теміржолының, оның ішінде Түрксіб құрылысын зерттеу мен зерделеуде белгілі теміржолшы-ғалым Нығметжан Есенғариннің еңбегін айта кеткен жөн. Бір ғана мысал, Түрксіб теміржолының 80 жылдығына орай Нығметжан Қабатайұлының бастамасымен Түрксіб құрылысының қайраткері, қазақ ұлтынан шыққан белгі беру және байланыс жүйесінің алғашқы басшысы болған Құрметті теміржолшы Қапсар Омарұлына Семей қаласынан көше аты беріліп, мемориалдық тақта орнатылды. Осынау шараның өзі теміржолдағы жастарға үлкен тәрбие көзі болды. Ондай ардагерлеріміз көп, сондықтан Түрксібті зерделеу, түрксібшілерді тану ісі әлі де жалғаса беруді деп сенемін.

– Өзіңіз құрған «Түрксіб-Семей» мұражайының жәдігерлер қоры туралы да айта кетсеңіз...

– 1957 жылдан бері Түрксіб теміржолы салушылардың аңызға бергісіз әңгімелерін өз ауыздарынан естідім. Көпшілігінің шәкірті болдым. Шар, Делбегетей, Жарма станцияларының басшысы болған Түрксіб құрылысшылары – Шаймерден Чуженов, Бөкежан Аспаев, Жарылғасын Мұхаметжанов,



Жұмағазы Садықов, жолшы Көбделі Жақиянов, Шаймардан Құлжанов сынды көне көздердің еңбек тәсілдерін, жұмыс тәртіптерін көріп, Түрксіб шежіресіне қанықтық.

Ал, 2015 жылы Түрксіб теміржолының 85 жылдығы мен Алтай теміржолының 100 жылдығына орай бөлімше басшыларының қолдауымен музей ашуға қол жеткіздік. Бүгінде мұражайда 1145 жәдігер бар. Шежіреге толы фотосуреттер мен деректі кинофильмдер қоры да сақтаулы. Кейбір экспозиция бұйымдар желі бойындағы станцияларды аралау кезінде кездейсоқ табылды. Құрылыс жұмыстары кезінде табылған дүниелерді теміржолшылардың өздері әкеліп те өткізген кездері болды. Ал, Түрксібтің құрыш білекті құрылысшылары туралы олардың ұрпақтарынан, ақсақалдардан там-тұмдап жинап, жазып алдым. Бүгінде музейге бас сұққан студенттер болсын, теміржолшылар болсын, сол жәдігерлер мен құжаттар арқылы бір нәрсені танып біліп жатса – Түрксібтің даңқты тарихын паш етудегі титтей еңбегіміздің еленгені деп білемін. Кешегі түрксібшілердің даңқты дәстүрлерін танып білу аз, оларды жалғастырып, бай тәжірибесін дамыту қажет.

– Әңгімеңізге рахмет! Түрксібтің торқалы тойы құтты болсын!

Суретті түсірген автор



АНУАРБЕКОВА КАНАТА МУКАНОВИЧА – заместителя директора по Жезказганскому региону филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ПТ» (24 апреля);
ЖУМАГУЛОВА ГАЛЬМИЖАНА ИСАГАЛИЕВИЧА – заместителя директора по экономике и финансам филиала АО «НК «КТЖ» – «Кызылординское отделение магистральной сети» (25 апреля);
ЖАЙЛАУБАЯ СЕРГАЛИ АМАНГАЛИУЛЫ – директора филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актюбинское отделение магистральной сети» (25 апреля);
ИБРАЕВА МАКСУТА КАЙСАНОВИЧА – исполнительного директора – директора департамента локомотивного хозяйства АО «КТЖ – Грузовые перевозки» (27 апреля).

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 75 ЖЫЛ

СОҒЫС ЖӘНЕ ТЫЛ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Алматы жүк тасымалы бөлімшесінің бір топ еріктілері «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры компаниялар тобының жыл сайын өткізетін «Жеңіске – 75 қадам» әлеуметтік қайырымдылық жобасына үн қосты.

Алматылық ерікті теміржолшылар жастар бір аптада әрбір ауыл-ауданды аралап, Ұлы Отан соғысы және тыл ардагерлеріне құрмет көрсетумен қатар, материалдық көмек көрсетті. Олар өз күштерімен дайындаған азық-түлік пен керек-жаракты 40 ардагердің үйіне апарып берді.

Бөлімшенің қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің вагон шаруашылығы жөніндегі ревизоры Диас Байғонысовтың айтуынша, бұл қайырымдылық көмекті атқаруға жалпы бөлімше бойынша 19 ерікті теміржолшылар жұмылдырылған. Олардың қатарында Алматы-1 станциясының орталықтандыру жүйесінің операторлары, вагондар жылдамдығын реттеушілер, Алматы локомотив пайдалану депосының, бөлімшенің шұғыл басқару және есеп бөлімінің, қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің мамандары бар.

– Еріктілердің көбі жастар деуге болады. Қазіргі төтенше жағдай кезінде біз – жастар алғы шетте жүрмегенде кім жүреді?! Әрине сақтық шараларын ұмытқан жоқпыз. Ардагерлердің үйіне баратын еріктілердің қауіпсіздіктерін толық қамтамасыз еткісіз ғана жолға шықтық. Бүгінде жастары жүзге жеткен соғыс және тыл ардагерлерінің хал-жағдайын сұрап, мұң-мұқтаждарына құлақ астық. Олар көрсетілген көмекке алғыстарын жаудырып, батасын беруде, - дейді Д. Байғонысов.

Ерікті жастар амандаса берген тыл ардагерлерінің бірі Атыбай Сұлтанқожаева 111 жаста екен. Өзі көп балалы Батыр ана. Тағы бірі – соғыс ардагері Виктор Кашкаров. Әрине, бүгінгі бейбіт заман үшін жан аямай күрескен ардагерлер тек Жеңіс күні емес, әр күні құрметке лайық. Сол сый-құрметті көрсету мүмкіндік беретін «Жеңіске – 75 қадам» жобасы ардагерлерге жыл бойы қамқорлық жасауды көздейді.

Ұлан ОРАЗ
Суретті түсірген автор

ДЕПО

КУЗНИЦА КАДРОВ

На станции Матай на привокзальной площади возвышается паровоз. Возле исторического памятника чествуют железнодорожников, давших развитие и жизнь поселку Матай, здесь же вручают права управления локомотивом молодым машинистам.

Елена ҚОЛДАСБАЕВА,
Алматинская область

Матайское эксплуатационное локомотивное депо организовано в 1934 году, и до 1963 года существовало как паровозное. Тяжелые погодные условия, сильный ветер и песок не испугали основателей депо. Их имена яркими буквами внесены в страницы истории предприятия. С первых дней образования депо были открыты ремонтные цеха. 1940-1960 годы характеризуются периодом интенсивного развития и роста предприятия. Маневровые работы велись на участках Лепсы, Матай, Молалы. Для вспомогательной деятельности стояли локомотивы на станциях Сарықурак и Алажиде.

ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!

Война нарушила мирный ритм работы. Все квалифицированные железнодорожники ушли

на фронт, а поток грузов нарастал с каждым днем. Оставшиеся сутками не выходили из депо, работали на износ, но доставляли составы по графику. Машинист Мухтар Каптагаев работал вместе со своими двумя братьями Нурсагатом и Бисагатом в одной бригаде. В 1942 году она одной из первых на Түрксібе подхватила почин знатного машиниста страны Лунина ремонтировать локомотивы своими силами. Увеличился пробег локомотива между промывочными ремонтами более чем на две тысячи километров против нормы. Тем самым возросла экономия топлива до 50 тонн. Бригада совершала рейсы с военными грузами к линиям фронтов, а обратно до Джамбула вела санитарный поезд с ранеными бойцами. В послевоенные годы, в период восстановления народного хозяйства страны по почину Мухтара Каптагаева на железной дороге было развернуто движение машинистов-пятисотников и вождение тяжеловесных поездов.



«Нур-Медиа» ЖШС Бас директоры
Болат КАЛЬЯНБЕКОВ

Бас редактор
Дина МУЗДУБАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Меруерт ӨМІРЗАҚОВА

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ.,
Д.Қонаев көшесі 12/1, 507-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09,
94-52-88, railnews@mail.ru

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеп 30 «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2 «Айбар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Бөкейов көш., 22 «ERNUR Print» ЖШС

Басылғанын таралымы 11533

Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нур-Медиа» ЖШС айналысады
© Жарнама. Жарнама мәліметі жарнама беруді жауап береді.
© Қазақстан теміржолшысы газетіне жарияланған материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып,
авторге сілтеме жасалуы міндетті.
Рәсімдер авторлар мекені мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар: **Р. Рахметов, С. Басқоова**

Газетті тарату жөніндегі менеджер **Асель Распаева**, тел.: 8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер **Жанель Сағындықова**, тел. 8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama_hit@mail.ru

Меншікті тілшілер:

Аманжол: Елена Қолдасбаева 8-701-74-96-80
Алматы: Аманжол Мұқашев 8-778-964-89-66
Шымкент: Жанар Садыбаев 8-707-390-11-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Аманжол Рақымов 8-700-330-01-53
Мамырасты: Шайқар Жанұлы 8-707-886-72-45
Орал: Аманжол 8-707-910-74-17
Қызылорда: Салжан Назарбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-110-70-53
Қызылорда: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аманжол Рақымов 8-705-291-44-00
Павлодар: Аманжол Ертұз 8-747-555-21-58
Ақтөбе: Аманжол Рақымов 8-702-843-27-97
Қызылорда: Аманжол Рақымов 8-701-854-88-27



В ДЕПАРТАМЕНТЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ АО «НК «КТЖ» ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОЧНОГО ПРОЦЕССА РАБОТАЕТ ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ 60-63-08.

Қазақстан Республикасы Бапсыз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінің тіркеліні, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.